



14 қыркүйек, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboi@yandex.kz

www.syrboi.kz

www.facebook.com/syrboi.kz/

www.instagram.com/syrboi_kz

https://twitter.com/syrboi

t.me/syrboi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

ТӘЖІКСТАНҒА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРАДЫ

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 14-15 қыркүйекте Тәжікстанға жұмыс сапарымен барады» деп хабарлайды ҚазАқпарат Ақорданың ресми сайтына сілтеме жасап.

Сапар аясында Президент Орталық Азия мемлекеттері басшыларының V Консультативтік кездесуіне және Халықаралық Аралды Құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттер басшылары Кеңесінің отырысына қатысады.

БАЙЛАНЫСТАРҒА ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қатардың Power International Holding компаниясының иелері Рамез Әл-Хаят пен Муатаза Әл-Хаятты қабылдады.

Кездесу барысында Президент еліміздің Таяу Шығыстағы стратегиялық серіктесі саналатын Power International Holding компаниясы Қазақстан мен Қатар арасындағы экономикалық байланыстарды жолға қою ісіне тың серпін беретінін атап өтті.

Сонымен қатар кездесуде энергетика және геологиялық барлау салаларындағы ынтымақтастық мәселелері қарастырылды. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы, дөңгелек-жобаларды іске асыру, денсаулық сақтау бағыттарындағы қарым-қатынастардың перспективалары талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы дамыту бойынша Қазақстанда кешенді шаралар қабылданып жатқанын және шетелден тікелей инвестиция тарту үшін барлық жағдай жасалғанын айтты.

КОМПАНИЯ БАСШЫЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы LY iTech компаниясының төрағасы Цзэн Фанчэн мен HGTECH Co. Ltd компаниясының төрағасы Ма Синьцянды қабылдады.

Президентке тұрмыстық техникалардың, автокөліктер мен смартфондардың қосалқы бөлшектерін шығаратын және инновациялық технологиялар саласында жұмыс істейтін Қытайдың ірі жоғары технологиялық кәсіпорындары жөнінде мәлімет берілді.

Әңгімелесу барысында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру және қосалқы бөлшектер мен лазерлік құрылғы өндіру үшін Қазақстаннан сирек кездесетін металдарды тұрақты түрде жеткізу ісін жолға қою перспективалары талқыланды.

Сонымен қатар еліміздің инновациялық әлеуетін нығайту мәселелері де қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің стратегиялық серіктес екенін, соның ішінде Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» жаһандық бастамасы аясында ынтымақтастық орнатқанын атап өтті.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР БОЙЫНША АЛДЫҒЫ ҚАТАРДАМЫЗ

Биылғы 8 айдың қорытындысымен негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша Қызылорда облысы өңірлер арасында алдыңғы қатарда. Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов атап өтті.

– 8 айдың қорытындысы бойынша Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Алматы және Шымкент қалаларында барлық негізгі көрсеткіштердің өсімі тіркелді, – деді Үкімет басшысы.

Атап айтқанда, Сыр өңірінде қаңтар-тамыз айларында құрылыс саласында 145,4%, жеке инвестициялар көлемі бойынша 142,3%, тұрғын үйді пайдалануға беру бойынша көрсеткіш 119,8% құрады.

Қуантарлығы, биыл Сыр өңірінде өңдеу өнеркәсібі бойынша өсім бар. Жылдар бойы мұнай өндірісіне тәуелді болған өнеркәсіптік сектордағы оң динамика басқа өнімдер есебінен қалыптасты.

Аймақта мұнай қорының сарқылуына байланысты кезек күттірмейтін шаралар қолға алынды. Инвестиция тартуға қолайлы жағдай жасалды. Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға басымдық беріліп, ауыл шаруашылығы өнімділігін, экспорт көлемін арттыру алдығы орынға шықты. Өнім өндіруге ынталы азаматтарға мемлекеттік гранттың, жеңілдетілген несиелердің мүмкіндіктері түсіндірілді.

Мұнан бөлек, Қызылорда облысы құрылыс жұмыстарының көлемі мен бюджетті игеру бойынша республикада екінші орында.

Жиыннан соң облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысының тапсырмаларын орындау жөнінде мәжіліс өткізіп, бірқатар нақты тапсырма берді.

– Өздеріңіз байқағандай, Қызылорда облысы 8 ай қорытындысымен барлық негізгі көрсеткіштерге қол жеткізіп, бірқатар көрсеткіш бойынша алдыңғы қатарға орнықты. Сіресе, өңірімізде көп жылдан бері төмен тенденция көрсетіп келген өңдеуші өнеркәсіп көрсеткіші биыл оң динамикаға шықты. Осы жұмысты әрі қарай жалғастыру керек. Мұнай өндіру азайғанына қарамастан, өзге даму мүмкіндіктерін қарастыру қажет, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ДӘСТҮРЛІ «ДАЛА КҮНІ»

ШЕШУШІ НАУҚАН ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МІНДЕТ

МИНИСТР ҮКІМЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЫН ЖЕТКІЗДІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келген ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Қармақшы ауданында өткен «Дала күні» семинар-кеңесіне қатысты. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Аталған іс-шарада аудан әкімдері, басқарма басшылары, ауыл шаруашылығы құрылымдарының өкілдері мен сала ардагерлері болды.

Облыс әкімі өз баяндамасында аяқсу тапшылығы мәселесін қозғап, оның алдын алу бойынша бірқатар ұсыныс айтты.

– Соңғы жылдардағы су тапшылығының қиындығын Сыр диқандары қатты сезініп келеді. Быыл да вегетация кезеңінде егісті сумен қамтамасыз ету күрделі жағдайда өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының, Үкімет басшысы Әлихан Асханұлының, Үкімет мүшелерінің қолдауының арқасында аймақта су тапшылығының алдын алу шаралары қабылданды. Өткен жылы Үкімет

резервінен бөлінген қаржыға 21 канал тазаланып, 52 ұңғыма қалпына келтірілді. Қосымша 133 насос сатып алынып, пайдаланылуға берілді. Облыста арнайы жұмыс топтары құрылып, суды тиімді пайдалану үшін егістікті кезектесіп суаруды, қашыртқыдағы суды екінші рет пайдалануды жолға қойдық. Осындай қиындықтарға қарамастан, күріш көлемін 89 мың гектар етіп сақтап қалдық, – деді аймақ басшысы.

Нұрлыбек Машбекұлы келер жылдан бастап суды тиімді пайдалану үшін күрішке берілетін қолдаудың көлемін қысқартып, қаржыны әртараптандыру мақсатында егілетін дақылдарға бағыттауды ұсынды. Аймақ басшысының пайымдауына, субсидияны ауыспалы егіс тәртібін сақтап,



Суреттерді түсірген Б.ЕСЖАНОВ



егістік жерді лазерлік тегістеген және каналдар сағасына су есептегіш құралдар орнатқан шаруашылықтарға ғана беру керек.

Күріш шаруашылығындағы күрделі мәселе – сапалы тұқыммен қамтамасыз ету. Облыс әкімі министрлік әзірлейтін тұқым шаруашылығын дамытудың кешенді жоспарына күріш тұқымы мәселесін арнайы қосуды және қолдауды сұрады.

«Дала күнінде» Үкімет басшысы Әлихан Смайловтың Сыр диқандарын егінге орақ салу рәсімімен құттықтау хатын ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров оқып берді. Министр диқандар мен су шаруашылығы мамандарын ҚР Премьер-министрінің Алғыс хатымен марапаттады.

Шараға қатысушылар егін жинауға арналған техникалармен, облыста өндірілетін агроөнім түрлерімен танысып, сала мамандарымен пікір алмасты. Жалпы биыл облыс бойынша 193,4

мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде негізгі дақыл – күріштің көлемі 89 мың гектар.

Әртараптандыру бағытында 3 мың гектар жерге су үнемдеу технологиясын қолдану арқылы 872,5 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді.

Қазір күзгі егін жинау науқаны кестеге сай жүргізілуде. Қажетті жанар-жағармай қоры жеткілікті, ауыл шаруашылығы техникалары да күрішті дер кезінде жинап алуға толық дайын.

Шаруашылықтар ерте егілген дәнді дақылдарды жинау жұмыстарын аяқтады. Дәнді және сурлемдік жүгерімен қатар картоп, майлы, малазықтық, көкөніс, бақша дақылдарын жинау жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінгі күнге күріш егісінің суы толық өндірілетін агроөнім түрлерімен танысып, сала мамандарымен пікір алмасты.

ӨНЕР

СЫР САХНАСЫНДА – КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКА

Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық-драма театрында облыстық симфония оркестрінің алғашқы концерті өтті. Облыстағы тұңғыш оркестр облыс әкімінің тікелей қолдауымен Қызылорда облысының 85 жылдығына орай облыстық филармония жанынан құрылған.

Өнер ұжымы 50-ден аса маманнан жасақталған. Оның ішінде ішекті, үрмелі және ұрмалы аспаптардың құлағында ойнайтын 30 кәсіби музыкант бар. Оркестрдің көркемдік жетекшісі әрі бас дирижері – Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, профессор Мүсілім Әмзе.

2-бет



АСТАНАДА ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТЕДІ

Алдағы 16-17 қыркүйек күндері Астана қаласының 25 жылдығына орай елордада Қызылорда облысы тауарөндірушілерінің қатысуымен ауыл шаруашылығы жәрмеңке ұйымдастырылады.

Кеше «Алтын қамба» қоймасы алаңынан ауыл шаруашылығы өнімдері тиелген керуен жолға шықты. Арқа төріндегі қала тұрғындарына 85 жылдық тарихы бар Қызылорда облысының брендіне айналған ақ күріші, балығы мен ас тұзы, қауын мен қарбызы, ұлттық сусындары жеткізіледі.

Жәрмеңкеде аймақта өндірілетін отандық өнімдерді қолдау мақсатында арнайы көрме ұйымдастырылады. Сонымен қатар, елордалықтарға ерекше көңіл-күй сыйлау үшін Сыр өліеңерпаздарының қатысуымен концерттік бағдарлама қойылады.

Жәрмеңкеде 60-қа жуық Сыр диқандары мен тауарөндірушілері 40 жүк көлігімен 160 млн теңгенің 450 тоннадан астам өнімдерін тұрғындарға ұсынады.

Атап айтқанда, 130 тоннадан астам күріш, 10 тонна ет және 30 тоннаға жуық балық өнімдері, 30 тоннадай көкөніс пен жеміс-жидектер, 230 тонна бақша өнімдері, 3 тонна ас тұзы, 10 тоннадай сүт өнімдері, 5 тоннаға жуық сөк, талқан және кондитер өнімдері жөнелтілді.

«СБ» ақпарат



МЕДИЦИНА: САУЛЫҚ КҮЗЕТІНДЕГІ САБАҚТАСТЫҚ



Сыр медицинасының бастауы ертеде жатыр. Тарихқа жүгінсек, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында ғана медицина ғылым, сала ретінде қалыптасқан. Қызылорда облысы 1938 жылы құрылды. Дегенмен оған дейін аймақта бірнеше аурухана жұмыс істеп, тұрғындарға медициналық көмек көрсеткен.

СБ Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

3-бет

«ТАҢ ЛТД» БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ



Облысқа жұмыс сапарында ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Жалағаш ауданындағы «Таң ЛТД» ЖШС-ның күріш ақтау зауыты және ет өңдеу цехының жұмысымен де танысты.

Таң ауылдық округіндегі «АгроЛидер Таң» ЖШС-ның ет өңдеу цехы 2019 жылы іске қосылған. Жоба құны 111 млн теңге, оның 53 млн теңгесі «Байқоңыр» ӘКК тарапынан, 58 млн теңге – серіктестіктің өз қаражаты.

Цехта 15 түрлі ет өнімі шығарылады. Айына 15 тонна өнімді облыс тұрғындарына тиімді бағада ұсынуға. Мұнда 8 адам тұрақты жұмыс істейді.

Ал шаруашылықтың «Диқан ата» күріш ақтау зауыты 2018 жылы іске қосылған. Өндіріске 150 млн теңге қаражат жұмсалған. Зауытта тұрақты жұмыспен қамтылған 15 адам тәулігіне 100 тонна күріш ақтайды.

«Таң ЛТД» серіктестігі 2003 жылы құрылған. Серіктестік 2019 жылы тұқым шаруашылығы статусын алды. Қазір аудан шаруашылықтарын I репродукциялы «Лидер» сортымен қамтамасыз етеді.

Құрылым жыл сайын техника жаңартыды. Биыл 662 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын еккен. Оның ішінде 483 гектарға күріш, 63 гектарға жаңа жоньша сеуіп, 116 гектар ескі жоньшаға күтімге алған.

Аймақ басшысы мен Ауыл шаруашылығы министрі «Таң ЛТД» ЖШС жұмысына оң баға беріп, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Хасый ЖАМАНТИКОВ:

ҚАР ЖАУМАСА ТАУ БАСЫ АҒАРМАЙДЫ НЕМЕСЕ ТЕҢІЗ ТАҒДЫРЫНА АДАМИ ФАКТОРДЫҢ ӘСЕРІ



Таяудағы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында су тақырыбы басты мәселе ретінде қаралғанын білеміз. Ізін ала Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды. Бұның себебісіз емесін, түпкі мәнін Сыр өңірінің жұрты жақсы ұғынады. Өйткені облыста су тапшылығы жылдан жылға сезіліп келеді және маңыздылығы арта бермек. Осы орайда біз ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Хасый Жамантиковпен сөйлесіп, тақырыпқа қатысты проблемаларды талқылаған едік.

– Хасый аға, ғалым әрі өңірдің жайын жақсы білетін азамат ретінде сізден ең әуелі Аралдың жайын сұрамай кетуге болмас. Қаншама рет мінберлерден айтылған мәселе болса да, не себепті шешімі табылмайды?

– Расын айтпайық, бізде ғылым мен өндірістің арасы алшақ болып кетті. Елімізде ғана емес, бүкіл дүниежүзінде су тапшылығы бар. Арал жеріндегі құрғақшылықпен, құм көшкінімен күрескен адамның бірімін. 15 жыл бойы сексеуіл ектім. Теңіз кепкеннен кейін немістің Зигмар Брекле және израилдік Арон Айер есімді профессорлар Біріккен ұлттар ұйымына барып, табиғаттың жайын қозғайды. Кейін Дүниежүзілік даму банкінен ақша бөліріп, ең алғаш рет Арал қауіпін ауыздықтау үшін экспедиция құрды. Соның құрамында мен жүрдім. Бір қызығатыным, бізде топырақтану ғылымына мән бермейді. Кез келген өсімдік топырақта өседі, қажет десеңіз топырақтан жаралды деп текке айтпайды. Экспедиция тобын профессор Зигмар Брекле басқарды. Профессор Арон Айер оның ғылыми ұйытқысы болды. Арал теңізі тұйық болғандықтан Сырдария өзені ағынымен тау, жар мүйізділері шөгінді сумен келіп, теңіз түбіне шөгіп, кедрі-бұдырын тегістеп ұлтан қабатын құрайды. Ол кезде Сырдариядан мол су ағып жатқан. Оның суы азайған соң теңіздің шөгінді табан қабаты судан құрғатылып, шөгінділерден түрлі мұхаликалық құрамды топырақ түрлері қалыптаса бастайды. Мисел Укімет ресми түрде өзеннің қалыңын қозғайды, тіпті күріш көлемін азайту жайлы айтылып жатқаны бекер емес. Бірақ облыс сонда да егіс көлемін азайтпады.

Енді ғылыми тұрғыдан орайлық, біздегі жерасты топырағы – шөгінді топырақ. Сырдария секілді арыны қатты өзен дүниеде аз еді. Жолдағы небір келерінің бәрі таза суға айналдырылды. Оның суы келмей жатқан соң Аралдың халі не болмақ? Алғашқы кезде борпылдақ, әлі бірікпеген топырақ құрамы пестичил, гербицил сияқты улы заттар сумен келіп, шаңмен бірігіп, желмен ұшып айналаны ластануға көмекші болды. Ол шаң қоспалары космостық кеністікке көтеріліп, жер бетінің кезділес жеріне жеткізіп, шөгін, сол жерді ластайтын болды. Сондықтан бірінші мәселе шаңды қозғалысқа келтірмейтін іс-шарға жасау болды. Теңіз ұлан-ашының бетіндегі артурлі қоспалы өте зиянды борпылдақ шаңды бекітпей бірден-бір жол – өсімдік жамылғысымен ұлтан бетін бүркеу едісі. Ғалымдармен бірге Арал өсімдіктерін зерттеу арқылы, бүркелемі өсімдікке қара сексеуіл таңдалды. Оны егу жолдары іріктелді. Басты мақсат – қазір жаһанды белең алып бара жатқан қуаңшылық пен шөлейттену өзгерістерін өрістетуге еді. Ол егіншілік шаруашылығын өнімді келтіріп, азық-түлік қауіпсіздігін нағарлатып, ашыққа өкеледі. Ол қауіп қазір жер жүзі елдерін аналандып отыр. Азық-түлікпен қоса экология апаты Сырдария суының Арал теңізі жұрнағы – Кіші Аралға жетпей қасіретті үдерісі сөзсіз. Сондықтан Кіші Аралға су жібурді ете ұмытпаған жоң.

Сонымен 1998-2012 жылдары эрозиялық процестерді тоқтату, қуаңшылық пен шөлейттенуге бетбұрысты әлсірету, өсімдік жамылғысын дамыту бағытында нәтижелі сенімді ғылыми-зерттеулер жүргізілді. Нәтижесінде егіннен сексеуіл өскіні тұздан қорғалып, жерсінуі ұлғайды. Бұл үлкен ғылыми жетістікке жаталды.

Арал теңізінің географиялық кесіні ретінде жер картасынан, теңіз атынан түсіп қалуына адам фактор себеп болғанын қызығылып айтамын. Мысалы, өткен ғасырдың 70-жылдарының соңында кітап сатағын дүкеннен Арал тағдыры жайлы жақсы еңбекті кезіктірдім. Ақшамды өкеліп, сатып алмақшы болсам белгісіз бір адамдар келіп Аралға қатысты барлық кітапты жинап алып кетіп жатыр. КТБ-ның адамдары екенін анық білдік, яғни, Арал адамдардың қолымен қасқана құртылды. Талай орыс ғалымдарының «бізді Құдай

кешің, құртып қойдық» деген сөздерін естідік.

– Сөзіңізден аңғарсам, Арал мәселесі суға ғана емес, топыраққа да байланысты болып тұрған сыңайлы?

– Топырақ кескіні деген болады. Дәл осы Арал жерінің топырақ кескінін жасап шығардым. Шөгінділерді 0,5 см, 5 см-ден басталатын жолақтар арқылы көрсетіп бердім. Сонда шетелдік ғалымдар 10 сантиметрден бастап алу керігін айтты. Сонымен, сол жерде жас жігіттерге 2 метрге дейін жер қаздырып, барлық сынамаларын лабораторияға жібердік. Менің сызбам нақты сәйкесті. Кейін ғалымдар кетерінде риза болып, «Аралға қолыңнан келген жақсылықты жаса» деп те айтып кеткені есімде.

Арал тағдыры жердің басқа аймақтарынан көрініс тапса, шұғыл алдын алу керек. Құрғақшылық зардабынан және адами факторлардан Балқаш, Каспий сулары азаюда, Дунай өзені ортаюда. Қар жаумаса тау басы ағармайды. Ол қар мұзға айналып, бұлақтар көзі болып білеміз. Толассыз аққан бұлақ суы өзенге ұласады. Өзен арнасын тауып құяр қазанын табатыны сөзсіз. Осылай Сырдария суы арқылы Арал теңізі құрғалғанына мыңдаған жылдар өтті. Енді міне, Арал теңізінің көлге айналғанына күә болдық. Осы айтылғаннан табиғат жаратылыстарының бір-бірімен байланыста екенін көріп отырмыз. Жаралған су сеппен жұмсалса сарқылмайды. Табиғат заңымен тағы да су көзі ашылып, мөлшері кемімейді. Адамзат тірілігі мен табиғат құрылымын үйлесімдік тапса, азық-түлік қауіпін жойылады. Ашыққа жол берілмейді.

– Теңіздің тағдыры мәселе ретінде көтерілгеніне әдепқан жарты ғасырдан астам. Әйтсе де оң өзгерістер көре алмадық. Жалпы шын айтпайық, Аралдың болашағы қандай болмақ?

– Сіз маған бұндай сұрақ қоймаңыз! Аралдың болашағын ойлағанда қорқыныш бар. «Аралқұм» деген құмды білеміз. Қарақалпақстанға дейін ұзыннан ұзақ созылып жатыр. Бір қызық айтамын, оның құрамы кварц, Алтынмен тең саналады. Енді қанша байлық жатқанын болжай берейік. Бірақ климат өзгеріп жатыр, егер «Аралқұмды» жел көтерер болса, бүкіл Қазақстанды құм басып кетеді. Тұзы дүниежүзіне жайылып жатыр. Ертен айқай болмасына келіп қал.

– Ендігі жайт, су тапшылығына күріш егудің де әсер етіп отырғаны айтылады. Біз үшін күріш егу көлемін біршама қысқартқан жоң деп санайсыз ба?

– Бұл мәселенің көтерілініне 30 жылдан астам. Кезінде шетелдік ғалымдар Қазақстанға келіп, «ойланыңыздар, күрішті мынадай белшесінен суға батырып алатын жағдай ертең тұмайды» деп ескертті. Сонда біздегі кей академиктер «не деп тұрсың?» деп қарсыласты. Сол сөтте мен оларға басу айтқанмын. Өйткені Алматыда отырып алып алам Қызылордадағы күріштің жағдайын қайдан біледі? Жаһандық климаттың өзгерісін ешкім тоқтата алмайды. Дүниежүзі қауымдасып, мәмілеге келу қажет. Бірақ қараныз, Париж келісінде әлем елдеріне «көмір жақпандар» делінді. Кім тындап жатыр? Көмірсіз өмір жоқ. Қытай міндетті түрде жағалы, смолаға айналады, қайта отын қылады. Ол үшін күріштің қауызын өлден шірітіп алып, нығыздап, компост шығаруға болатынын көрсеттім. Оның бактериясы күшті өз ашықтығы болады. Аустралияда әр үйдің ауласында бетоннан жасалған, беті жабық шұңқырлар болады. Шөпті сонда шірітіп, қыста үйін жылытады. Жаңағы айтқан күріштің қауызынан компост жасау жобам қолдау тауып,

патент те алған болатынмын. Бұны неге айтты отырмын? Қазір жер жүзінде қоқыс көп. Ал компост қоқыстарды шіріте алады.

Енді күріш егуді доғардық дейік. Жеріміз шөгіндінен құралған, тоқтатақ бірден тұзданып шыға келеді. Сол үшін өзгіре су қаншаға жетеді, сонша күріш егіп, қалған жерлерге компост төгу керек. Дегенмен оған бірталай тонна компост қажет. Оны жасау үшін де қаражат пен еңбек күші керек болады. Қунарлы жердің бір гектарында 30 тонна органикалық шірінді бар. Жоңышқа егіп жатамыз, одан кейін 10-15 тонна шөгінді болады екен. Кейбір тұзданған жердегі көрсеткіш 5-6 тонна гана, яғни, біздің ауыспалы егісіміз жерді тұзданудан әлі толық сақтай алмайды. Тұз деген жер астынан көтерілген кедергісіз жол іздейді, сөйтіп оны каналдардың бойынан табады. Біз қашыртқы атап кеткен, қайта қолдануға жарамайды деп есептейтін су. Дегенмен 15 жыл бұрын Дания елінен ғалымдар келіп, қашыртқының суын да толық сүзгінен өткізіп, тұрмыста қолдануға болатынын айтып берген. Тек аяқсыз қалды. Израил еліне барғанымда тіпті қаланың канализация желісінің қалдығын сүзгінен өткізіп, ауызсуға айналдырып отырғанын көрдім. Оның қалай іске асатынын, барлық процестерін есімде сақтаймын.

– Демек, біз күріш егуді тоқтату арқылы проблемалардың шешімін таба алмаймыз. Одан кейінгі жерді құнарландыру ісіне дайындықпен қалай?

– Ең бірінші мақсатымыз жерді құнарландыру болуы тиіс. Органикалық зат беріліп, шөгінділер шіріндісі болмаған соң қанша күріш екесің де топырақтың құнары болмайды. Қазір күріштің өзі тынайтықышты көтере алмайтын болған. Жалпы айтқанда, топырақта органикалық процестер үздіксіз жүріп, тұзды мұсырғанда гана құнарлы жерге көл жеткізіміз. Әйтпесе қазіргі бетальсымызбен тұздануға жол аша береміз.

Органикалық егіншіліктің негізін қалағанмын. Күріш егуді ойлану керек. Мына бетімен Сырдария оңала алмаса, қалай егеміз? Дұрысы, жерді құнарландырып алған соң көкөніс, бау-бақшаға көшеск болады. Менің ұсынаар бағытымы – осы. Мойын-ұсынысымыз келмесе де, көнуіміз керек.

– Сіз елде атом-электр стансасын салуды қолдайсыз. Неліктен?

– Бастысы – маман даярлау. Полифосфат өнімінің өндірісі электр энергиясын өте көп жұмсайтын болғанынан бізде кенже қалып отыр. Дегенмен қазіргі экология жағдайы адам тіршілігі отарсының жақсаруына бағыт алғандықтан және азық-түлік қауіпсіздігі күн тәртібінде бірінші тұрғандықтан, адамзат нағарып тағару экологиясына өріскіз аударуға мәжбүр етеді. Оған фактор көп. Геосаяси жағдай да ұшығып тұр. Жаһандық климат өзгерісі жер шарының біраз елін апатқа ұшыратып жатыр. Орман өрті, су басу, жанбыр жаумай, қуаңшылық белең алды. Климаттың өзгеруіне адамзаттың табиғатпен санаспай, өлшеусіз мөлшерде көмірқышқыл газымен ластанып, балансты бұзыу себеп болып отыр.

Иә, мен қауіпсіздігі қамтамасыз етілген атом-электр стансасын салуды қуғтаймын. Дегенмен саяси пиғылдарымын араластыратын елдің көмегі қажет емес. Қуатқа тәуелсіздікті жою мәселесі терең сарпалтып жатыр. Қуат көзі атом-электр стансасында екені белгілі жайт. Қазақстанда АЭС шикізаты, уран қоры жеткілікті. Қуат стансасының қауіпсіз технологиясы мен керекті өнім өндіру мемлекет деңгейінде тиянақты қолға алынуға. Қуат көзі іске асса, Қаратау фосфоритінен полифосфат өндіретін күн алыс емес. Полифосфатты зерттеу авторы ретінде осы экологиялық таза өнімнің Қазақстан егіншілігін фосформен байытатын сенемін.

– Өңіміңізге рахмет! Сұхбаттасқан Мадияр ТӨЛЕУ «Сыр бойы»

ТАЛҚЫ БІР МҮДДЕГЕ БІРІГУ ЖОЛЫ



Кеше облыс әкімдігінде Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлының қатысуымен қазақ тілі мәселесі және оның келешегі туралы ой-толғамдарды ортаға салған дөңгелек үстел отырысы өтті.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

Отырғаны облыс әкімі аппаратының басшысы Ш.Байманов ашып, шілде айында өткізілген халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының кезектен тыс құрылтайында қоғам президенті болып сайланған Р.Кенжеханұлының құттықтап, жұмысына табыс тіледі. Сонымен бірге аппарат басшысы өңір тұрғындары үшін қазақ тілін оқып үйренуге барлық жағдайдың жасалып отырғанын, аймақтағы балабақшалардың 95,5%-ы, мектептердің 90%-ы мемлекеттік тілде жұмыс істейтінін жеткізді.

Өз кезегінде сөз алған Р.Кенжеханұлы отыз жылдық тарихы бар «Қазақ тілі» қоғамының елімізде 135 өкілдігі бар екенін атап өтті.

Сопардың ішінде белсенді де нәтижелі іс көрсетіп келе жатқан қоғамдық ұйымның Қызылорда облыстық филиалына ризалық білдірді.

– Мемлекеттік тіл – тәуелсіздікпен тең ұғым. 90-жылдары жанданған тіл қоғамының жұмысы соңғы он жыл көлемінде әлсіреп қалғандай әсер етеді. Қазір жасыратыны жоқ, гаджетке сүйеніп кеткен жастар қазақша еркін сөйлеп, сауатты жаз аламайтын халге жетті. Мұны әрине, білім беру саласына қатысты сөз десек те, ол тіл мәселесіне келіп тіреледі. Халықаралық ұйымдардың сараптауына, бүгінде адамдардың 64%-ы өз тілінде оқып, түсініп, сол мазмұнды қайта айтып бере алмайды екен. Мұның басты себептерінің бірі балалармен бетте-бет келетін ақпараттық орта үлкен өзгеріске ұшыраған.

Осы қиындықтардан қалай шығуға бо-

лады? Мәселен, бала көретін мультфильмнен бастап, ақпарат та, кино да, өзара байланыс та смартфонға сыйып тұр.

Ендеше, күнделікті өзіміз пайдаланатын телефондағы қызмет қосымшалары түгел қазақшалануы тиіс. Бірақ, тек осымен мәселе шешіле ме? Олай болса, біз қандай өзекті мәселелерді қолға алудымыз керек?

«Қазақтың тілі – қазактың жаны. Біз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыра береміз», – деген болатын ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы орайда қоғам ретінде мемлекет саясатына қандай игі ықпал жасай аламыз?

Бүгін сіздермен осындай мәселелер төңірегінде пікірлесуге келдім, – деді тіл қоғамының президенті.

Мұнан соң облыстық Қоғамдық даму басқармасының басшысы А.Есмаханов тіл туралы заңнамалардың сақталуы жөнінде атқарылып жатқан бірсыпыра жұмыстарға тоқталды. Арнайы рейдтік тексерулер кезінде анықталған заң бұзушылықтарды мысалға келтірді. Әсіресе, қаладағы көпшілік тамақтану орындарының сыртқы көрнекіліктерінен ас мәзіріне дейінгі көптеген кемшіліктің түзелгенін тілге тиек қылды.

«Қазақ тілі» қоғамы облыстық филиалының төрағасы С.Ансап қала, аудан әкімдіктерімен бірлесіп жасалып жатқан жұмыстарды атады.

Қоғам төрағасы тіл мәселесін ретке келтірудің тетіктері әлсіз екенін еске салды. Ол үшін мемлекеттік заң қабылдануы

тиіс екенін атап айтты.

Осы пікірлерді қостаған Қорқыт ата университетінің профессоры Қ.Құдайбергенов тілдің даму динамикасының – отбасы, балабақша, білім беру мекемесі екенін мысалдап, жеке балабақшалардың жұмысына бақылау жасалуы керектігін айтса, университет оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты А.Әбілова «Қазақ тілі» қоғамы терминкоммен тығыз байланыста жұмыс жасауы керек деді.

Сондай-ақ, ол аударма жұмысында бірізділіктің жоқтығын сынады.

– Мәселен, «медестра» сөзін бір аурухана «аяжан» десе, бірі «мейрбике», енді бірі «мейржан» деп жүр. Терминкомның отбасы деп аударған «семья» сөзі баспасөзде «жанға» болып қатар қолданылады. Ал, терминкомның өзі «населенный пункт» дегенді «елді мекен» деп көрсеткен. Қазақ ел қоныстанған жерді «мекен» дейді, елсіз жерді «жапан» дейді. Демек, елсіз мекен болмайды. Сонда біз «ауыл» деген сөзден қашып отырмыз ба? Үлкен мәселелер тасасында қалатын осындай кіші мәселелерді ретке келтірмей, тіл дамуына даңғыл жол ашылмайды, – деді А.Әбілова.

Сонымен бірге филология ғылымдарының кандидаты Б.Боранбай, ардагер ұстаз Ж.Егізбаев, қалагер У.Бегімбаев, еңбек ардагері А.Көшербаев сияқты бірнеше пікір айтушы шынайы ойларын жеткізіп, ұсыныстарын білдірді.

Тіл төңірегіндегі ой-пікір толастамайтын мәселе. Бір тілде сөйлеп, бір бағытта ойлап, бір мүддеге бірігу үшін ортақ мәселеге әр азамат өзін жауапты сезінуі тиіс.

Сондай оймен дөңгелек үстел жұмысын қорытқан Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті бастама көтеріп, ұсынысын білдірген тіл жаныштарына алғысын білдірді.

майлтамдарының басын қосқан қара шаңырақ – филармонияның материалдық-техникалық базасы нығайтылғанын да атап өтті. Алдағы уақытта филармония өнер орталығы ғимаратына көшіріледі.

Сондай-ақ, өнер ұжымына облыс әкімі атынан ықылас гүлі табыстылды. Оркестр тұсаукесер концертін елімізде сирек орындалатын күрделі туындылардың бірі – композитор Ахмет Жұбановтың «Абай» симфониялық сюитасымен бастады. Мұнан соң әрбір симфония оркестрі орындауы тиіс күрделі шығарма – Ф.Шуберттің №8 «Аяқталмаған симфония» си минор және қазак, әлем композиторларының шығармалары орындалды.

Сонымен қатар, өнер сүйер қауым бірқатар халықаралық және республикалық конкурстың лауреаты Самал Байсейтова, Айдос Иманжаппаров, Ақылбек Табынбаев, Сымбат Тасбергенованың өнерін тамашалады.

«СБ» ақпарат

СЫР САХНАСЫНДА – КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКА

Шараға облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов қатысып, өнер ұжымына аймақ басшысының сәлемін жеткізіп, сәттілік тіледі. Сондай-ақ, аймақта мәдениет саласында биыл қолға алынған жаңа жобалар мен жаңалықтарға тоқталды.


– Саланы дамытуға үлес қосқан өнер және әдебиет өкілдеріне арнайы облыс әкімінің «Туран» сыйлығы табыстылды. Биылдан бастап облыстың мәдениет саласындағы 10 маман шетелдерде біліктілігін арттырады. Мүмкіндігі шектеулі өнерпаздарымыздың шығармашылығын нығайтуға арналған Инклюзивті театр іске қосылып, бұған дейін Қызылорда қаласы әкімдігі жаңында үйіре ретінде жұмыс жасап келген «Жастар театры» өз алдына кәсіби ұжым ретінде қайта құрылды, – деді Ш.Байманов.

Аймақ кәсіпкерлері мен мешенаттар өңірдің мәдени-рухани дамуына да үлестерін қосуда. Атап айтсақ, 1,5

млрд теңгеге салынған «Анаға тағзым» орталығы жақын күндері жұмысын бастайды. Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші саналатын Хорасан ата кесенесінің айналасын абаттандыру, жарықтандыру, қоршау салу жұмыстары басталды. Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата ескерткіші кешені де бюджеттен тыс көздер арқылы қайта жаңғыртылды.

– Сыр өңірінің қасиетті орындары – Марал баба, Оқшы ата кесенелеріне қайта жаңғырту, айналасын абаттандыру, кесенеге баратын жолдар салу жұмыстары қолға алынды. Облыс орталығында құны 1,6 млрд теңгені құрайтын «Неке сарайы», құны 3,7 млрд теңге болатын мың орындық «Өнер орталығы» биыл ел игілігіне пайдалануға беріледі. Алдағы уақытта симфония оркестрі жаңа бағдарламамен өнер орталығында үлкен концерттер беретін болады, – деді Ш. Байманов.

Облыс әкімі аппаратының басшысы аймақ басшысының қолдауымен елу жылдық тарихы бар өңірдің өнер



Кент әкімдігінің екінші қабатында орналасқан біздің қоғамдық ұйымға Айнуыр есімді қыз бала келді. Есікті ашып, қолтығына демеу болған қос балдақпен, жүргеннен гөрі жылжуға жақын қозғалыспен бөлмеге кірді. Біз ұсынған орындыққа асқан қиындықпен әрең отырғанын өзінен-ақ, оның осы екінші қабатқа қалай көтерілгенін көз алдымызға елестетіп үлгердік. Түрлі мәселелер төңірегінде өңгіме ербіте бастағаннан-ақ, бойжеткеннің қимыл-қозғалысы шектеулі болғанымен, ақыл-ойы мен арман-қиялының шегі жоқ екенін көз жеткізгендей болды.

болғаны себепті, бір аяғы қисық болып, балдақсыз жүріп-туру мүмкін болмай қалған. Кейін аяғын түзеу үшін жасалған, Айнуыр тіпті сабыннан жаңылысып қалған сәтсіз оталардан есінде қалғаны туған күні 23 қыркүйекпен сөйкес келген. 13 жасқа ғана толса да, тағдырына жазылған сындарлы сынаққа саналы түрде көңуге шешім қабылдаған күн еді. Наркоздан кейін есін жиып, көз жасына ерік берген. Соңғы ота 2018 жылы отыз жасында жасалыпты, өтпеген-ай, өкінішке қарай тағы да сәтсіз. Елгезек, зерек, білімге құштар Айнуырдың қатарластары мектеп табалдырығын аттағанда аурухана табалдырығын аттаған қаршадай қыздың алғашқы ұстазы да, жанында бәрінен көп болған да атасы еді. Кітапқа құмар атасы қисса, дастандарды, батырлар жыры, аңыз өңгімелерді нақышына келтіре, мәнеремен оқумен қатар, өлеңдетіп жатқа да жырлайтын. Соның бәрін Айнуырдың бойына сіңірумен бірге, жазу, сызуды да үйретіп, кітапқа қызығушылығын оятқан да атасы болатын.

қоймауы үшін ерлікке пара-пар әрекет жасап жатқанын көрді. Кез келген қиындықтың артында үміт бар екенін ұғынды. Әрине, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға мемлекет тиісінше қамқорлық жасап келе жатқаны рас. Қамқорлықтың кемшін тұстары жетерлік екені де өтірік емес. Бірақ жасыратыны жоқ, қазіргі қоғамда «біздің мүмкіндігіміз шектеулі, қоғам да, мемлекет те үнемі біздің жағдайымызды жасап отыруы керек» деген түсінік қалыптасып кеткен. Айнуыр ерекше мұқтаждығы бар жандар қатарына жатса да, мұндай масылдық түсініктен саналы түрде бас тартты. Алғашқы қадамын бойын билеген қорқынышын аттап өтуден бастаса, келесі қадамы «Қызылорда қайырымды жандары» еріктілер тобының есігін қауға алып келді. Топ басшысы да, еріктілер тобы да тағдырлы қызға түсіністікпен қарап шеттеспеді, өзінсізін ортаға тартты, осылайша ерікті болып шыға келді. Аталған топтың алғашқы жобасы «Әлем сізбен әдемі» деп аталып, Қызылорда қаласындағы мүмкіндігі шектеулі жандарды оналту орталығында елуден аса ем алушы қыз-келіншектерге тегін салон қызметін ұсынудан басталды. Бұл – бір реттік емес, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан жоба. Келесі жобалары «Озат, білгір, алғыр» деп аталды, мақсаты – тұрмысы төмен отбасында өсіп келе жатқан мектеп жасындағы балаларға түрлі

үйірмелерге тегін қатысу мүмкіндігін сыйлау. Айнуыр Аңғысынқызы Жалиева осындай жобалардың басы-қасында жүргенін мақтан тұтады. – Мұқтаждығы бар жандардың қоршаған ортада, қоғамда еркін жүріп-туру үшін әлі де түрлі қиыншылықтар жетерлік, – дейді Айнуыр Аңғысынқызы, – бұл айтқаным тек пандус, жолақтар, дабыл қондырғылары туралы ғана емес, оларға арналған көліктер, вагондар, тағы басқа қажеттіліктер туралы да. Қазіргі күннің өзінде аталғанның бәрі бар деп естимін, бірақ оларды пайдалану көптеген мұқтаж жандар үшін мүмкін еместей көрінеді. Былтыр Алматыға емге баруға жиналып, арнайы вагонды пайдалануға әрекет жасап көрдім. Алайда оның құжат жинау машақаты да аз емес. Тек өзім ғана емес, күтушімнің де бірталай құжат жинауына тура келеді екен. Осы сынды және өзге де әуештіліктер азайса екен деймін. Өзім қолөнермен айналысамын, түрлі бұйымдар жасаймын, сурет саламын, кітап оқуға құмармын. Мұқағалиды оқығанды ұнатамын, бірақ менің санамда төңкеріс жасаған Немат Келімбетовтың «Үміт үзгім келмейді» және Әкім Ыскақтың «Адам іздеп жүрмін» атты кітаптары. Блогермін, әлеуметтік желілерде күнделік жүргіземін. Осыдан біраз бұрын «Массaget» атты сайт жұмыс жасады, сол жерде шағын блогым болды. Аудандық, облыстық өлең, монолог оқу сайыстарына қатысып тұрамын, психология, аударма сынды салаларды менгеру үшін түрлі курстардан өтіп тұрамын. Тағы бір тілегім, радио мен телеарналарда талантты, дарынды мүмкіндігі шектеулі жандардың қабілетін кеңінен насихаттайтын бағдарламалар көбейсе екен. Ерекше жандардың өзін толыққанды қоғам мүшесі ретінде сезінуіне даңғыл жол ашылса деймін. Өз басым денсаулықтың ізінде жүремін деп арнайы білім ала алмасам да, үнемі ізденіс үстіндемін. Шама келгенінше ешкімге масыл болмай, қоғам өмірінің көш-керуеніне ілесуден үмітімді үзгім келмейді, – дейді ол.

Әлімжан ҚИЯС, Әйтеке би кенті

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ

«100 нақты қадам – Ұлт Жоспарының» 42-қадамына сәйкес кірістер мен шығыстарды жалпыға бірдей салықтық декларациялау жүргізу көзделген. Жалпыға бірдей декларациялаудың мақсаты – жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін бақылаудың тиімді жүйесін құру. Мұндай жүйе көлеңкелі экономикаға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған, сондай-ақ, бюджетке қосымша түсімдерді қамтамасыз етуге ықпал етеді. Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 71-тарауы «Жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялау» 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді. Заңның 45-1-бабының негізінде жалпыға бірдей декларациялау кезең-кезеңмен енгізіледі.

- 1 кезең**
2021 жылдан бастап
жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалар мен олардың жұбайлары;
мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғалар мен олардың жұбайлары;
мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайлары;
«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес декларация ұсыну жөніндегі міндет жүктелген адамдар;
 - 2 кезең**
2023 жылдан бастап
Мемлекеттік мекемелердің жұмыскерлері және олардың жұбайлары (зайыптары);
Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің жұмыскерлері және олардың жұбайлары (зайыптары);
 - 3 кезең**
2024 жылдан бастап
Заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары (қатысушылары) және олардың жұбайлары (зайыптары);
Дара кәсіпкерлер және олардың жұбайлары (зайыптары);
 - 4 кезең**
2025 жылдан бастап
Азаматтардың өзге қалған санаттары декларация ұсынатын болады.
- Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің 630-бабына сәйкес, 2023 жылдан бастап «Жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларациясын» (250.00 нысанды) ұсыну міндеттемесі алғашқы рет туындаған жеке тұлғалар үшін, салық есептілігі нысанының түрі «бастапқы», салық төлеушінің «В санаты» бойынша, 2023 жылғы салық кезеңі үшін ұсынылады.
- Декларацияларды ұсыну мерзімі:**
Қағаз тасығышта – 2023 жылғы 15 шілдеден кешіктірмей;
Электрондық түрде – 2023 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей жеке тұлғалар тұрғылықты жері бойынша тапсырады.
- Аталған декларацияларды «Салық төлеушінің кабинеті» арқылы (cabinet.salyk.kz), «Электрондық үкімет» порталы (egov.kz), сондай-ақ «App Store» немесе «Play Market»-тен «e-Salyq Azamat» және «eGov mobile» мобилді қосымшаларын жүктеу арқылы тапсыруға болады.
- Егер де, өз кезегінде алдағы уақытта ҚР заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімде декларацияны ұсынбаған жағдайда ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 272-бабына сәйкес әкімшілік шара қарастырылған. Осыған байланысты, жоғарыда көрсетілген тұлғаларды заңда белгіленген мерзімде декларацияларды тапсыруға шақырады!
- Туындаған сұрақтар бойынша Қызылорда қаласы Н.Назарбаев көшесі 23 үй, Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының 1-этаж 2-кабинетіне хабарласуға болады.
Байланыс телефондары: 8-7242-400-470 (ішкі 3106,4211)
- А.ЖУСУПОВ,**
Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары

«ДАМУ» ҚОРЫ – ШАҒЫН ЖӘНЕ БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ОПЕРАТОРЫ

Арнайы бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы мемлекет отандық өндірістің дамуын ынталандырады. Ол мемлекеттік бағдарламалардың операторы – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ субсидия, кепілдік, сондай-ақ серіктес қаржы ұйымдары арқылы жеңілдікпен несие беру қралдары арқылы қолдау көрсетеді. Қор кәсіпкерлерге республикалық бюджеттен қаражаты есебінен қолдау көрсетеді. Қор қызметін бастаған күннен бастап бүгінге дейін бағдарлама таңдаудан бастап, жоба жүзеге асқанға дейінгі сүйемел көмек ТЕҒП. Қор менеджерлері қолдау сұрап келген әр кәсіпкерге әрекет ету жоспарын қадам-қадаммен түсіндіреді. Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру басталғалы бері «Даму» Қоры бүкіл Қазақстан бойынша жалпы несие сомасы 11,4 трлн теңге болатын 197 мыңға жуық бизнес-жобаға

қолдау көрсетті. Жобалар әртүрлі салаларды қамтиды. Бұл – мемлекеттің экономиканың барлық бағыттары мен қызмет түрлеріне көңіл бөлетінін көрсетеді. Әдіресе отандық өнім шығарушылар, IT-технология, аграрлық және ауыл шаруашылығы, медицина, білім беру саласына басымдық беріледі. Қор өндірілетін өнімі мен қызметін сапалы деңгейге көтеруге қабілетті кәсіпкерлерге қолдау көрсетеді. Бұл – болашақта ол тауарлардың импортты алмастырып, бәсекеге түсе алуына оң әсер етеді, тіпті экспортқа шығуына мүмкіндік береді. Анықтама: мемлекеттік қолдауға өтінімді «Даму» Қоры онлайн ресурстар арқылы қабылдайды және ол қызмет тегін, қандай да бір сыйақыны талап етпейді. «Даму» Қоры мемлекеттік қолдау бағдарламалары жөнінде толық ақпарат алу үшін

1408 нөміріне (қолл-орталыққа кез келген өңірден тегін қоңырау шалуға болады) немесе өз өңіріңіздігі Қор филиалына тікелей хабарласуды сұрайды.

Құрметті кәсіпкерлер!
Сіздерді 2023 жылдың 20 қыркүйегінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Қызылорда облысы бойынша аймақтық филиалында өтетін Ашық есік күніне шақырамыз. Іс-шара «Даму» Қоры жүзеге асырып жатқан мемлекеттік қолдау бағдарламалары, шараларымен танысу мақсатында өткізілетінін хабарлаймыз.

Өткізу уақыты: 20 қыркүйек 2023 жыл, сағат 10:00-ден бастап.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Журба көшесі, 12

Простатит, аденома, уретрит, белсіздік пен бедеулік, несеп шығару жүйесінің бұзылуы?!

Түркістан облысының Елімдізге ер азаматтарда кездесетін өте күрделі, созылмалы түрдегі **Простатит ауруының шешімі табылды!** Егер де простатит пен аденома, бедеулік пен белсіздік, несеп-жыныс жүйесінің өзге де бұзылыстары, атап айтқанда **кіші дәретке жиі шығу, ауықтың толық босамауы, дәреттің қалып қоюы, зәр сындыру барысындағы ашу-шаншу** сезімдері сізге маза бермей қойған болса, елемнің 32 елінің денсаулық сақтау министрліктері мақұлдаған «ПРОСТАТИНОР» өнімін ұсынамыз.

«ПРОСТАТИНОР» өнімді текжірібемде мойындаған дәрі-дәрмектің отаны Үндістан еліне шығарылады. Бұл өнімнің бір артықшылығы әрі ерекшелігі фармацевтикалық, химиялық дәрі-дәрмек секілді емес, яғни тек қана табиғи емдік шөптерден біріктірілген күйде парафармацевтикалық бағытта атақты **Surya Herbal Limited** компаниясының базасында дайындалады.

«ПРОСТАТИНОР» препараты аты айтып тұрғандай, қуық асты безі қабынып, гормондық теңгерімі бұзылып, жыныстық қатынаста әлсіздікті сезініп жүрген ер азаматтардың мәселесін шешуге арналған өнім.

Егер де сіз жоғарыда айтып өткендей жағдайларды бастан кешіп жүрген болсаңыз, қамықпаңыз! «ПРОСТАТИНОР» препаратын қабылдау болсаңыз, бірінші кезекте толық зәр жолдары мен несеп-қуық жолдарындағы қабынуды тудыратын бактерия, инфекция мен микроорганизмдерді тазалап өтеді, сифилис, гонорея, хламидиоз, трихомониаз деген бұрындары жұқтырған инфекциялық аурулардың қалып қойған қалдығын шығарады.

Мына телефон нөмері бойынша білікті мамандардан кеңес алып, Простатинор тапсырыс бере аласыз: **8 778 021 39 39** немесе **www.sauylkyn-surya.kz** сайты арқылы.

Қазақстан бойынша орталыққа қоңырау шалу, мамандардан кеңес алу, жеткізу қызметі тегін!

Тиімді ұсыныс!
«ПРОСТАТИНОР» өніміне жеңілдікпен тапсырыс беріңіз!

Банктік қосымшалар арқылы 3-6-12 айға бөліп төлеу мүмкіндігі!

Тұтынушы пікірі:
Армысыздар! Менің аты-жөнім Бейсенов Құрманғали. Қарағанды өңірінен боламын. Өзімнің нәтижелмен бөлісім келіп отыр. Қанша жылдар бойы мазалаған ауруым бар еді. Простатит, аденома дей ма, болған сол. Қанша емделдім. Врәчтарға қаралдым. Ем алдым. Бірақ көңілден шығатындай нәтиже көре алмадым, шынымен айтсам. Операцияға деді, оған операция жасатуға қорықтым. Сосын осы сендердің мына Простатинор өнімі жөнінде естіп, уақытында хабарласып, мамандар толық мағлұмат беріп, осы өнімнің екі айлық курсы алып іштім. Қазір шүкір. Анализдерім жақсы шықты. Күндіз-түні кіші дәретке жүгірмейтін болдым. Ұйқым тыныш. Қанша болды, қазір ауруым мазаламайды. Сол алғысымды білдіргім келіп жазып отырғаным. Рахмет, сіздерге!

Құрманғали Бейсеновтің заңгер: өкілдігі «Мамандық» қоғамдық заңсыз, КЗ-16 01 06 003 8 00077 08 18 17 08 2018 ж. Денсаулық сақтау мерзімі: 1 өкілдік қолтаңба. БСҚ. Дәрілік зат болып табылмайды. Қысық көрсетілген: қолжазбаларға жағатын таласыздық.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ

12-15 қыркүйек аралығында облыс көлемінде «Бала-Заң-Қауіпсіздік» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

Іс-шараның мақсаты – облыс көлемінде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, көшелерде, басқа да қоғамдық орындарда көмелетке толмағандар арасында және оларға қарсы жасалатын қылмыстарды болдырмау. Мұнда сондай-ақ, топтық төбелес, суық қаруды тасымалдау, бопсалау сынды қылмыстардың алдын алу, ескерту, жолын кесу, қылмысқа бейім оқушылар мен студенттер арасында теріс әрекеттерге жол бермеу,

көмелетке толмағандарға алкоголь өнімдерін, темекі бұйымдарын сату, олардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің ілесіп жүруінсіз тұрғын үй-жайлардан тыс болуы деректерін анықтау, бұл ретте бала тәрбиесімен айналыспайтын ата-аналарды анықтау жұмыстарын барынша жандандыру қамтамасыз етіледі. Қазіргі таңда іс-шара мақсатына сай жұмыс жүргізілуде.

А.ЕРНАЗАРОВА,
Ювеналды полиция бөлімшесінің аға уәкілетті полиция инспекторы

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru